

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

4. Зайсанбаев Т.Қ. «Қазақ әліпбиі және медициналық терминдердің жасалуы». - <http://www.mtdi.kz/audarmashyga-komek/makalalar/1476-kazak-alipbii-jane-medicinalyk-terminderdin-jasaluy>
5. <http://baq.kz/news/kazakstan-2050-mangilik-el/meditsina-terminderi-kalai-audarilip-zhur-38481>

УДК 81'1-027.21

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ӘЙЕЛ БЕЙНЕСІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ АСПЕКТІДЕ БЕРІЛУІ (қазақ-ағылшын мақал-мәтелдерінің негізінде)

Беркимбай Айгерим Сакеновна

aigerimsakenovna@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Аударма ісі» мамандығының магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылым жетекшісі – ф.ғ.д., профессор Г.Ә.Мұратова

Паремиялық бірліктер әлемнің тілдік бейнесін құруда айрықша рөлге ие. Оның себебі, паремалар ұлттың мәдени ерекшеліктерін, танымдық көзқарастарын сипаттай келе, белгілі бір халық туралы нақты ақпарат береді. Сондықтан паремаларды тек қана құрылымдық жүйе аясында емес, сонымен қатар, антропологиялық парадигма, оның ішінде когнитивті лингвистика, гендерлік лингвистика тарапынан қарастырған жөн. Осы мақала барысында жоғарыдағы мәселелер қамтылып, талдауға алынады.

Жалпы, «гендер» ұғымы мазмұны қарай «жыныс» ұғымымен тікелей байланысты. Дегенмен, қолданыс барысында «жыныс» ұғымының тек қана биологиялық, физиологиялық ерекшеліктеріне сай жіктелім; ал «гендер» ұғымы одан ауқымды әрі халықтың мәдениеті мен тарихы туралы хабардар беретін, қоғамның әсерінің нәтижесінде пайда болған қосымша көзқарастар мен түсініктерді қамтиды. Биологиялық жыныс пен әлеуметтік жыныс (гендер) мәселесі тек қана гендерлік зерттеулер аясында жүзеге асады. «Гендер» ұғымын тілдік жағынан сипаттап, оның ерекшеліктерін анықтап, дамытқан ғалым – А.В. Кирилина. Автор өз еңбектерінде «гендер» және «жыныс» ұғымдарын келесідей ажыратып берді: «Гендер (социальный или социокультурный пол) не является языковой категорией, но его содержание может быть раскрыто путем анализа структур языка, что объясняет востребованность лингвистической компетенции для изучения культурной репрезентации пола» [1, 133].

Гендерлік лингвистика – тіл білімі саласында жаңадан қалыптасып келе жатқан салалардың бірі. Әйел мен ер адамдардың жіктелімі, әлеуметтік-экономикалық мәртебесі, қоғамдағы ролін зерттеу - уақыт талабы. Осыған сәйкес, гендерлік лингвистика саласындағы зерттеулердің өзектілігі жоғары болып отыр [2, 23].

Зерттеу аясына алынған тақырыптың өзектілігі, ең алдымен, жыныстық жіктелім мен тілдік бірліктер арасындағы байланыс, соның негізінде пайда болған көзқарастарға талдау жасаумен; екіншіден, гендерлік лингвистиканың осы мәселесіне зерттеу жасай келе, қазақ тіл біліміндегі гендерлік зерттеулердің бағыт-бағдарымен танысу және ағылшын тілімен салыстыру, оның аудармадағы көрінісін талдаудың маңыздылығымен айқындалады.

Зерттеу нысаны ретінде қазақ және ағылшын тілдеріндегі паремиялогиялық тілдік бірліктер алынып отыр. Себебі, паремиялық бірліктер шағын көлемді болғанымен, ұлттың мәдени құндылығы, тарихы, салт-дәстүрі, ділі туралы ақпаратты толыққанды жеткізеді. Сонымен бірге, аталған бірліктер ұлттық мәдениетпен етене жақын, экспрессивті реңкке ие болғандықтан, аудармада біршама қиындықтар туғызады. Қиындықтарды алдын-алу, бағыт-бағдар беру мақсатында осы салада зерттеу жұмыстарын әрі қарай жетілдіру маңыздылығы жоғары. Екі немесе бірнеше ұлт өкілдерінің барлық ұлттық ерекшеліктерін есепке ала отырып, толыққанды әрі дұрыс аударма жасау – тараптар арасындағы түсіністіктің және достық қарым-қатынастың кепілі.


Гендерлік жіктелімнің бірден-бір көрінісі – паремиялық тілдік бірліктер. Паремалардың когнитивтік сипаты белгілі бір халықтың танымдық ерекшеліктерімен тікелей байланысты, себебі, паремалар шағын болғанымен, оның мазмұны ауқымды пайымдаулар, халықтың өсиеті мен үлгі-өнегесін қамтиды. Сонымен қатар, мақал-мәтелдер халықтың тұрмыс-тіршілігі, өмір сүру салты, дүние туралы ойлары, қоғамдық жіктелімдері, оның ішінде, қоғамдағы «әйел – еркек» рөлдері және т.б. маңызды әрі өзекті мәселелерді қамтиды.

«Әйел» концептісі әр мәдениетте кездесетіндігі анық, дегенмен, әр мәдениетте ол өзінше көрініс табады. Мысалы, қазақ халқының танымдық көзқарасында әйел бейнесі *қыз, ана* концептілеріне топтасып, бірнеше фреймдік тармақтар, ассоциативті өрістер (*әдемілік, сұлулық, бақ, береке*) арқылы халықтың ділі, мәдениеті, салт-дәстүріне, дүниетанымына сай және рухани, адамгершілік құндылықтарды есепке ала отырып, әйел бейнесінің когнитивті өрісін құрайды.

Қазақ халқында көне заманнан бері қыз баланы ерекше мәпелеп, қастерлеп өсіргендігі, абыройлы болуға тәрбиелегендігі мәлім. Халқымыз қыз баланың тәрбиесіне жоғары мән беріп, болашақта аяулы ана, адал жар атануға, еріне тірек болу мақсатында үлкендер өздерінің үлгі-өнегесін айтады. Осыған қазақ халқының танымдық көзқарастарын білдіретін мақал-мәтелдерге негіз болған.

Ең алдымен, әйел бейнесінің «қыз» концептісі арқылы талдауға алайық. Бұл келесі мақал-мәтелдерге негізделеді. Олар: *Қыз – қонақ; Қызға қырық жерден тыйым, қырық үйден қарауыл; Қыз қылығымен; Ақылды қызға ана көп, аяулы жанға пана көп; Жақсы қыз біреу келсе, есік ашар, жаман қыз біреу келсе, төрге қашар; Жақсы қыз – жағадағы құндыз, жақсы жігіт – төбедегі жұлдыз; Жігіт – күш, қыз – көрік; Сұлу жігіт – ел көркі, сұлу қыз – үй көркі* [3, 110-120].

Осы мақал-мәтелдердің негізінде қазақ халқының танымдық көзқарасындағы «қыз» бейнесінің когнитивті өрісін құруға мүмкіндік туады.




Сызба-1. Қазақ халқының дүниетанымдық көзқарасындағы «қыз» концептісінің когнитивтік өрісі

Әйел адамның отбасындағы лауазымы, қоғамдағы рөл халықтық танымда сомдалған бейнесі мақал-мәтелдерде өз көрінісін табады.

Мысалы: *Атасыз үй – батасыз, анасыз үй – панасыз; Әйел – үйдің қазығы; Ердің асылы күшінен білінеді, әйелдің асылы ісінен білінеді; Жақсы әйел – жарты иманың; Қатын өлсе үйің кетеді, басыңнан күйің кетеді; Елді қорғайтын – ерлер, ерлерді тәрбиелейтін – әйелдер; Жақсы әйел – үй дәулеті; Жақсы әйел жаман еркекке біткен бақ, жақсы жер, алтын қоныс - алтын тақ; Асыл жар – ердің сәулеті* [3, 110-120].

Жоғарыда көрсетілген мысалдар арқылы әйел адамның үй ішіндегі рөлі ер адамның ел үшін атқаратын ерлігімен пара-пар екендігі көрінеді.



отанасы	
үйдің қазығы	отбасы
өмірлік қосақ	ұйытқысы

адал жар


Сызба-2. Қазақ халқының дүниетанымдық көзқарасындағы «әйел» концептісінің когнитивтік өрісі

Жоғарыдан көріп отырғанымыздай, әйел адамның отбасындағы рөлі жоғары, әйелдің орнын ешкім баса алмайтындығы мәлім. Сонымен қатар, қазақ халқы өзі қонақжай болғандықтан, әйелдің де инабатталығы, тәрбиелілігін, еріне көрсеткен құрметі қонақ келгенде ерекше назарға алынады. *Мысалы: Қатынның жақсысы қонақ келгенде білінеді; Жақсы таз басын жасырмайды, жақсы қатын асын жасырмайды* [3, 110-120].

Жалпы қазақ халқының танымдық көзқарасында әйел бейнесі жағымдық ассоциативті өріс (инабаттылық, тәрбиелік, береке, жұмақ, бақ, дәулет) арқылы көрініс табады.

Қазақ халқы сияқты ағылшын халқының дүниетанымы да стереотиптік (санада қалыптасқан) көзқарастарға негізделген. Бұл ағылшындардың әйел адамды тек қана үй шаруашылығына жауапты және ерінің біршама саты төмен көруімен түсіндіріледі. Осы тұста қазақ-ағылшын халықтарының танымдық көзқарасының ұқсастығын атап өткен жөн.

Мысалы: The wife is the key of the house; A women's place is in the home; A true wife is her husband's flower of beauty; A man's best fortune or his worst is a wife; He who has a good wife has an angel at his side, he who has a bad wife has a devil at his elbow; Behind every successful man is a woman; Men build houses; women build home [4].



Сызба-3. Ағылшын халқының дүниетанымдық көзқарасындағы «әйел» концептісінің когнитивтік өрісі

Дегенмен, ағылшын халқының танымдық көзқарастарының қазақ халқының көзқарасымен салыстарғандағы бір ерекшелігі – ағылшындарда «ер – қожайын, әйел – құл» іспеттес түсініктің болуы. Ағылшын халқының ұстанымдары бойынша әйелі еріне толықтай бағынып, оны өзінің қожайыны ретінде қабылдауы тиіс. Егер әйелі отбасылық міндеттерін орындамай, қарсы келетін болса, жағдайына қанағаттанбаса оны ұрып-соғу қалыпты жағдай болып саналады. Бұл түсінік ағылшындардың келесі мақал-мәтелдеріне негізделіп отыр. *Мысалы: Women, like gongs, should be beaten regularly (с.с.а. Әйелдерді, гонг сияқты, жиі ұрып тұру қажет); A woman, a dog and a walnut tree, the more you beat them the better they be; (с.с.а. Әйел, ит, жаңғақ ағашын ұрған сайын жақсырақ болады); A woman and a walnut-tree, bring the more fruit, the more beaten they be (Әйел мен жаңғақ ағашын ұрған сайын, жемісі көбірек болады), т.с.с.* [4].

Ал, қазақ қоғамында осындай танымдық көзқарас байқалмайды. Бұл екі дүниетанымдағы түсініктер, көзқарастардың ерекшелігі туралы мәлімдейді. Осындай ерекшеліктер мәдениетаралық коммуникация, әсіресе, аударма барысында айқын көрініс табады. Сондықтан, гендерлік реңкке ие паремиялық бірліктер кейбір кездері аудармада қиындықтар туғызатындығы айқын. Аударма барысында кездесетін қиындықтарға тоқталып өтсек. Олар:

- Екі тілдің құрылымдық ерекшеліктері;
- Паремиялық бірліктердің эмоционалды-экспрессивті реңкке ие болуы, оның прагматикалық әсері;
- Паремалардың, фразеологиялық бірліктер секілді, тұрақты тіркестердің қатарында болуы;
- Мақал-мәтелдердің мәдени нышанды сөздер қатарында болуы және т.б.

Аудармашы жоғарыда аталған қиындықтарды есепке ала отырып, аударма барысында түпнұсқа тіліндегі мәтінді екінші тілдің мәдени, діни ерекшеліктерімен, көзқарастарымен сәйкестендіріп, бейімдеп аударарды. Осы жағдайда ғана аударма сәтті болып, екі халықтың өкілдері арасындағы түсініспеушілік орын алмайды.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдерді аудару барысында мынадай әдіс-тәсілдерді қолдануға болады.

- *Баламалы аударма*, яғни, түпнұсқа тіліндегі мәтінді мазмұнына сай аударма тіліндегі баламасымен аудару тәсілі. Бұл түпнұсқадағы ақпаратты ұтымды әрі сәтті аудару жолдарының бірі.

Мысалы: Әйел – үйдің қазығы (The wife is the key of the house; A woman's place is in the home); Ері жоқ әйел – ескегі жоқ қайық, әйелі жоқ еркек – ауыздығы жоқ ат (A man without a woman is like a ship without a sail); Асыл жар – ердің дәулет (A true wife is her husband's flower of beauty); Отқа барған қатынның отыз ауыз сөзі бар (Many women, many words); Еркек түз сақтайды, әйел үй сақтайды (Men build houses, women build homes) [3, 110-120].

- *Сөзбе-сөз аударма*. Бұл әдіс-тәсіл аударма барысында көп жағдайда бейтарап (яғни, мәдени реңкіне қарағанда бейтараптылығы басым) мақал-мәтелдерді аударғанда қолданылады. Көп жағдайда сөзбе-сөз аударма уақыттың тапшылығы орын алғанда жүзеге асады. Мысалы, *Ерлі-зайыптының ортасына есі кеткен отырар (с.с.а. Only poor fool can stand between wife and husband), Жақсы жұбай – жарым бақыт (с.с.а. A good wife is a half of happiness), Жақсы қатын зейнет, жаман қатын бейнет (с.с.а. A good wife is a gift, a bad wife is suffering) [3, 110-120], A woman's place is in the home (с.с.а. Әйелдің орны үйде), A woman's work is never done (с.с.а. Әйелдің жұмысы ешқашан бітпейді), Behind every great man there is a great woman (с.с.а. Әр еркектің тірегі – әйел), There was never a conflict without a woman (с.с.а. Әйелсіз дау болмас), т.с.с. [4].*

- *Сипаттамалы аударма*. Аталған тәсіл екі ұлт өкілдері арасында түсініспеушілікті болдырмау мақсатында қолданылады. Кейбір мақал-мәтелдер екінші халықтың танымдық көзқарасына сай болмауы мүмкін. Осы сәтте сипаттамалы аударма тәсілін қолданған жөн. Аудармашы түсіндіру арқылы екінші тарапқа түпнұсқа тіліндегі мақал-мәтелдің мәнін ашады. Бұл әдістің бір кемшілігі – ауызша аударма барысында көп уақытты талап етеді. Салдарынан аудармашы басқа ақпаратты есте сақтай алмай қалуы мүмкін. Мысалы, *Ерте тұрған еркектің ырысы артық, ерте тұрған әйелдің бір ісі артық (с.а. It is commonly used to say in Kazakh families A man, who wakes up early, has a piece of good fortune, but, a woman, who wakes up early, does one more homework. It means to wake up early is a good thing and useful for both men and women); [3, 110-120] Women, like gongs, should be beaten regularly (с.а. Ағылшын халқы өз әйелдерін төмен санаған, сондықтан, кей кездері оларды ұрып тұру қажет деген түсінік болған. Нәтижесінде, әйелдерді, гонг сияқты, жиі ұрып тұру қажет деген көзқарас қалыптасқан. Ұрып-соғу арқылы тәртіпке келтіруге болады деген ұстанымды қолдаған), т.б. [4].*

Қорытындылай келе, әйел бейнесінің дүниенің паремиялогиялық көрінісіндегі қазақ және ағылшын халықтарының көзқарасы көп жағдайға ұқсас екендігі анықталды. Көп

жағдайда, екі халықта да әйел бейнесі стереотиптік, яғни танымда қалыптасқан көзқарастар, қарама-қайшылықтар (жақсы әйел – жаман әйел) арқылы беріледі. Осы көзқарастар халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрімен тікелей байланысты болып келеді. Бұл аударма барысындағы сөз семантикасын нақты беруде кейбір келеңсіздіктер мен қиындықтарға алып келуі мүмкін. Оның алдын алу үшін аудармашы халықтың мәдениетімен таныс болуы қажет. Гендерлік жіктелім көрініс табатын мақал-мәтелдерді аудару жолдарын талдай келе, көзқарастар сәйкес болған жағдай баламалы аударма ұтымды тәсіл екендігі анықталды. Ал, егер, мәдени ерекшеліктер орын алатын жағдайда, түсініспеушілік орын алмау үшін сипаттамалы аударманы да қолданған жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Кирилина А.В. Язык и гендер. – М.: Языки славянской культуры, 2005. – 624 с. – С. 133.
2. Шоқым Г.Т. Гендерлік лингвистика негіздері. – Алматы: Экономика, 2012. – 190 бет.
3. Кейкін Ж. Қазақ мақал-мәтелдерінің алтын кітабы (8675 мақал-мәтел). – Алматы «Аруна» баспасы. – 632 б.
4. Электронды ресурс <http://www.phrases.org.uk/meanings/proverbs.html>

ШЕКСПИРДІҢ МӘНГІЛІК МАХАББАТ ДАСТАНЫ - «РОМЕО МЕН ДЖУЛЬЕТТА» ПОЭМАСЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бескемер Акерке

beskemer_a@enu.kz

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ оқытушысы, Астана, Қазақстан

Ромео мен Джульетта – екі өзара жау отбасылар Монтеки мен Капулетти тегінен шыққан жас бойжеткен мен бозбаланың махаббаты туралы сыр шертетін, Уильям Шекспирдің 5 актілі трагедиялық шығармасы. Шығарма негізі 1594-95 жылдар аралығында жазылған деп есептеледі. Туындының берілген кезеңнен бұрын жазылуы мүмкін деген болжамның шығуы, ақын шығарманы 1591 жылы жазып бастап, кейіннен араға екі жыл салып аяқтауы мүмкін деген топшылаудан туындаған. Оқиғаның шынайылығы нақты дәлелденбеген, әйтсе де оқиғаның итальяндық үлгісіндегі тарихи белгілер мен тұрмыстық нақыштар вероналық ғашықтардың мұңды махаббатының шынайылығы туралы аздаған хабар беретіндей.

Шекспирдің аталмыш трагедияны жазып шығуы үшін сюжеттік негіз болып, Артур Бруктың *«Ромеус пен Джульеттаның қайғылы оқиғасы»* (Arthur Brooke. *The tragicall Historye of Romeus and Juliet*, 1562) шығармасы алынса керек. Өз шығармасына дейінгі өзге бір пьеса туралы ескертіп айтқанмен, Брук өз шығармасының желісін итальяндық әдебиетші Маттео Марио Банделлоның 1554 жылы жарық көрген «Новеллалардың төрт кітабы» (Matteo Maria Bandello, 1485–1561) жинағында жарық көрген оқиғаның (Часть вторая, новелла IX, изд. в Лукке) французша аудармасынан алған [1].

Бруктың шығармасында сол секілді Джефри Чосердің поэзиясының белгілері де байқалады (Geoffrey Chaucer, 1340–1400, «Troilus and Criseyde», 1561). Банделлоның шығармасы *Луиджи Да Портоның* қаламынан шыққан (Luigi Da Porto, 1485–1529) *«Новонайденная история двух благородных влюблённых и их печальной смерти, произошедшей в Вероне во времена синьора Бартоломео дела Скала»* (Historia novellamente ritrovata di due nobili amanti, 1524) қысқаша туындының кең көлемдегі сипаттамасы болып табылады, онда әдебиет әлеміне Шекспирдің шығармасы арқылы танылған Ромео мен Джульетта (Romeo Montecchi e Giulietta Cappelletti) және өзге де бірқатар кейіпкерлер (Лоренцо пірадар, Маркуччо, Тебальдо, граф ди Лодроне – Джульеттаның жігіті), алғаш рет